



Студенттер мен жас ғалымдардың
«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ - 2018»
XIII Халықаралық ғылыми конференциясы

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ

XIII Международная научная конференция
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ - 2018»

The XIII International Scientific Conference
for Students and Young Scientists
«SCIENCE AND EDUCATION - 2018»



12th April 2018, Astana

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2018»
атты XIII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XIII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2018»**

**PROCEEDINGS
of the XIII International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2018»**

2018 жыл 12 сәуір

Астана

УДК 378

ББК 74.58

Ғ 96

Ғ 96

«Ғылым және білім – 2018» атты студенттер мен жас ғалымдардың XIII Халықаралық ғылыми конференциясы = XIII Международная научная конференция студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2018» = The XIII International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2018». – Астана: <http://www.enu.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2018. – 7513 стр. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-997-6

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 378

ББК 74.58

ISBN 978-9965-31-997-6

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2018

2,107749,74750¤tcatalogueidindex=0&fulltexthash=&hasenglishrecord=True&hasfrenchrecord=True&hasspanishrecord=True

9. WT/ACC/5 Accession to the World Trade Organization – Information to be Provided on Policy Measures Affecting Trade in Services - Technical Note by the Secretariat. October 31, 1996 //

https://docs.wto.org/dol2fe/Pages/FE_Search/FE_S_S009-DP.aspx?Language=E&catalogueidlist=126307,126308,126309,56067,102984,90453,58288,108452,107749,74750¤tcatalogueidindex=7&fulltexthash=&hasenglishrecord=True&hasfrenchrecord=True&hasspanishrecord=True

10. WT/ACC/8 Technical Note on the Accession Process - Note by the Secretariat - Checklist of Illustrative SPS and TBT Issues or Consideration in Accessions. November 15, 1999 //

https://docs.wto.org/dol2fe/Pages/FE_Search/FE_S_S009-DP.aspx?Language=E&catalogueidlist=227962,126310,126313,126311,126312,49152,61167,25044¤tcatalogueidindex=5&fulltexthash=

11. Secretariat – Implementation of the WTO Agreement on Trade-related Aspects of Intellectual Property Rights (TRIPS). November 15, 1999 //

https://www.wto.org/english/docs_e/legal_e/legal_e.htm

12. The European Union and the WTO //

https://www.wto.org/english/thewto_e/countries_e/european_communities_e.htm

13. Treaty establishing the European Economic Community, 1957 // <http://eur-lex.europa.eu/en/treaties/index.htm#founding>

14. Bossche, Peter Van den The Law and Policy of the World tradeorganization / Peter Van den Bossche. – Cambridge : Cambridge University Press, 2005. – 776 p.

УДК 341.1/8

ОРТАЛЫҚ АЗИЯДАҒЫ БОСҚЫНДАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫН ХАЛЫҚАРАЛЫҚ-ҚҰҚЫҚТЫҚ ҚОРҒАУ ТЕТІКТЕРІ

Бахтияров Нұрғали

Bakhtiyarov.nurgali@mail.ru

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Заң факультеті

Халықаралық құқық мамандығы

Мпк-23 тобының студенті. Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекші: Сейдеш Б.Б.

Андатпа. Бұл мақалада босқындардың құқықтарын қорғауды қарастырады. Соның ішінде Орталық Азиядағы босқындардың түрлі мәселелері туралы болып, олардың шешу жолдарын қарастырады.

Аннотация. Эта статья рассматривает защиту прав беженцев. Включая проблемы беженцев из Центральной Азии, и их решения.

Annotation. This article considers protecting rights of refugees. Including problems of refugees from Central Asia, and their solutions.

Түйін сөз. Халықаралық құқық, босқын, Орталық Азия, миграция, конвенция.

Халықаралық құқықта бірнеше жылдар бойы босқындар мәселесі біздің уақыттағы ең маңызды мәселелердің бірі болып табылады. Жалпы босқындардың пайда болуы бірнеше себептерге байланысты болады. Мысалы, кейбір жағдайларда босқындар адамдардың өзара арақатынасы барысында түрлі факторлар мен жағдайларға байланысты болса, кейбіреулері мүлде адамдардың еркінен тыс туындап жатады. Ондай жағдайларға табиғи апаттарды жатқызуға болады. Қарулы қақтығыстар, ірі әлемдік дәрежедегі елдердің саяси мақсатына байланыстыда босқындардың пайда болуына әкеліп соғатыны белгілі. Осыған байланысты халықаралық құқықта бұл жағдайлардың орын алмауын қамтамасыз ету мақсатында БҰҰ

шеңберінде көптеген шаралар қарастырылған. Ал егер нақтылайтын болсақ босқындардың құқығын қорғау көзделген 1951 жылы 28 шілдеде қабылданған «Босқындардың мәртебесі туралы Женева конвенциясын» айтуға болады. Жеті бөлімнен тұратын бұл конвенция жалпы босқындардың құқығын қорғауды жан-жақты қарастырған халықаралық баршаға міндетті Конвенция болып табылады. [1] Жалпы босқындар туралы сөз жүретін болғандықтан «босқын» сөзінің мағынасын ашуды жөн көрдім. 1951 жылғы 28 шілдеде қабылданған «Босқындардың мәртебесіне қатысты» қосымша хаттамада «босқын» терминіне келесідей анықтама беріледі. Белгілі бір оқиғалардың себебінен нәсілдік, діни, азаматтық, әлеуметтік, саяси құралдарының құрбаны болу қауіпінің себебінен өзінің азаматтығы бар мемлекеттен өзге мемлекетте жүріп өзінің құқықтарын пайдалана алмай жүрген және айтылған қауіптердің себебінен орналасқан мемлекетте құқықтарды пайдалануға ықпалсыз немесе нақты азаматтығы болмай, жоғарыдағы аталған себептерге байланысты өзінің тұрғылықты мекенін жат елде жүріп , өз еліне қабылдауына мүмкіндігі болмаған немесе қайтуға ықпалсыз тұлғалар «босқындар» болып табылады.

Тек қана жекелеген үкіметтер немесе үкіметтік емес қайырымдылық ұйымдары ғана емес, тиісінше бүкіл әлемдік халықаралық қоғамдастық босқындардың мәселесін шешумен барлығымызға белгілі. Босқындардың құқықтарын қорғау өз бастауын Ұлттар Лигасы кезінен алады. Ұлттар Лигасы 1920 жылы құрылған кезде, әлем бірінші дүниежүзілік соғыс, Ресей революциясы сынды ауыр жағдайларды басынан кешіріп жатты, ал бұл өз кезегінде Еуропа мен Азияның көптеген бөліктерінде адамдарды жалпы қозғалыстарына, яғни босқын –мигранттардың көбісіне алып келді. Әскери тұтқындардан басқа бірінші дүниежүзілік соғыс әлемге әртүрлі елдерге бытыраңқы түрде шашылған 1,5 млн-нан астам босқындарды қалдырды. 1931 жылы күзінде босқындарға көмек көрсету жөніндегі жұмыстарды жүзеге асыру үшін БҰҰ шеңберіндегі босқындар істері жөніндегі Жоғарғы комиссариатқа Ф.Нансенді тағайындады. [2] Дәл осы Ф.Нансен халықаралық мойындалған кейіннен «Нансен паспорты» деп аталып кеткен жол жүру құжаттарын идеясының авторы болып табылады. Бұл құжат босқындар және мыңдаған өз орындарынан мәжбүрлі түрде жер аударылған азаматтарына өз отанына оралу үшін, және басқа да мәселелерге жарамды өте тиімді құжатқа айналды. Жеке куәліктермен жол жүру құжаттарын беру мәселелерінен бастап, босқындарды қорғалуын қамтамасыз ету шаралары уақыт өте келе , шешуші мәнге ие мәселердің кең ауқымын қамтитын болды. 1945 жылы Ұлттар Лигасы өз кезегінде міндеттерін дұрыс атқара алмағандықтан оның орнына жаңа БҰҰ деген ұйым келді. Ал бұл мәселесін шешуде жаңа тарихи кезеңнің басталғанын аңғартатын еді.

1948 жылы БҰҰ «адам құқықтарының жалпыға бірдей декларациясын» бостандық әділеттілік және жалпыға ортақ бейбітшілік негізі ретінде қабылдады. Осы декларацияға сәйкес барлық адамдар нәсіліне , түсіне , жынысына, тіліне, дініне, саяси немесе әлеуметтік деңгейіне байланысты қандай да бір айырмашылықсыз, адамгершілік пен тең құқықтарға ие болады. Әсіресе, адам құқықтарын қорғау тақырыбы босқындарға, қудалау құрбаны болған және өз елінен кетуге мәжбүр болған адамдарға қатысты бола бастады.

1951 жылы Босқындар ісі жөніндегі БҰҰ Жоғарғы комиссарының басқармасы (БҰҰ БЖМБ) МБ-ды ауыстырды. 1950 жылы желтоқсан айында БҰҰ БЖМБ жарғысында, Бас Ассамблеясының резолюциясында басқарманың негізгі мәселелері атап көрсетілген, олардың арасындағы ең маңыздылары «халықаралық құқықтық масштабта босқындарды қорғауды қамтамасыз ету және босқындардың мәселелерінің ұзақ мерзімді перспективалы шешімдерді қарастыру» болып табылады.

Босқындар мәртебесі туралы 1951 жылғы Конвенция БҰҰ БЖКБ жұмысында маңызды рөл атқарды. Бұл міндетті шарт және халықаралық құқық босқындар туралы заңның негізі болып табылады. Алайда конвенциясының көлемі бастапқыда тек қана екінші дүниежүзілік соғыс нәтижесі ғана емес оның кейінгі салдарыда босқындардың көбінің негізгі себептерінен екенін көрсетті. Халықаралық құқықта босқындардың жағдайына байланысты жаңаша жағдайлардың туындауы бұл конвенцияның жалпы жағдайларын өзгерту қажет екенін көрсетті.

Босқындар мәселесі ол тек қана бір тарих беттерінде қалатын жағдай ғана емес. Сол кездегі БҰҰ Бас хатшысының мәлімдеуінше: «Қазіргі кездің өзінде әлемде миллиондаған адамдардың өмірі зорлық-зомбылықпен». Кейбір мемлекеттерде өзінің азаматтарын қорғанышсыз қалдырып өз өмір сүруін тоқтатты, ал басқа бір әлемнің бөлігінде мемлекеттердің үкіметтерінің өз азаматтарының қызығушылықтарын қорғамау салдарынан адамдар үнемі қауіп-қатер астында өмір сүруге мәжбүр... Мұндай адамдарды өзінің ең басты құқығы болған – таным өмір мен қауіпсіз жағдайларда өмір сүру құқықтарын жүзеге асыруға кедергі жасайтыны анық. [3] Сондықтанда БҰҰ-ң БЖКБ жемісті жұмысы атқаруы бұрынғыдан қарағанда әлде қайда маңызды екендігі белгілі. Босқындардың құқықтық дәрежесі және олардың мәселелерінің өзектілігі сонша, тіпті олардың жағдайын қатадан қарап шығуға да тұрарлық деп есептеуге болады. Соған байланысты босқындардың мәселесін шешудің жаңаша жолдарын қарастыру қажеттілігінде туындап отыр. Ол үшін жалпы халықаралық құқық қалуын достықта және жекелеген мемлекеттерде ұлттық деңгейде үлкен жұмыстар атқаруы тиіс. [4] Бұл ой-өмірге менің жеке көңарасыма келетін болсақ, бұл ұсыныстың өзекті мәселе екендігін айтуға болады. Өйткені бұрынғы қабылданған конвенция мен заңнамалар, белгілі бір дәрежеде өз күшін уақыт өтісімен жойып келе жатқан сияқты. Мұның айқын дәлелін біз кейбір мемлекеттердің босқындарды қабылдаудан бас тартумен көре аламыз. 1951 жылы «босқындардың мәртебесе туралы» Женева конвенциясын ратификациялаған елдер міндетті түрде босқындарды өз территориясына өткізіп оларға түрлі әлеуметтік көмектер көрсетуге тиіс. [5]

Мақала тақырыбына сәйкес, Орталық Азия мемлекеттеріндегі босқындар саны аз емес екендігі алаңдатарлықтай жағдай екендігі белгілі, бірақ соған қарамастан елімізде босқындарға көмек-көрсету қолға алынған ҚР Орта Азия елдері ішіндегі Ауғанстаннан ең алыс орналасқан елдердің бірі болсада, елімізде тұрақтап жатқан босқындардың 30%-ға жуығы Ауғанстаннан екендігі айқындалды. Бұл туралы БЖКБ Алматыдағы бюросындағы маман Жанна Досованың 20 маусым бүкіләлемдік босқындар күні аясында іс-шарасында мәлімдеуінен біле аламыз. [6] Иә, біз текке Ауғанстан жайлы сөз көзғаған жоқпыз, өйткені Орталық Азиядағы босқындардың көп бөлігі ауғандықтар екендігі белгілі. Ауғанстандағы саяси тұрақсыздық, үнсіздік қан төгулер нәтижесінде, ол жердегі бейбіт тұрғындар өз отандарынан бас ала қашуда.

Бірақ Орталық Азияда Ауғанстаннан ең көп босқын қабылдап жатқан – Тәжікстан. [7] БҰҰ Бас комиссарының 2014 жылғы мәлімдемесі бойынша Тәжік елінде 4500-дей босқын Ауғанстаннан екендігі белгілі болды. Ал одан өзекті мәселе Ауғанстанның басқа көршісі – Түрікменстанға байланысты. Өйткені көптеген ауғанстандық түрікмендер ислам мемлекеті және талибтердің қысымынан қашу мақсатында өзінің тарихи отандарына қайтуды көздеп отыр.

Түрікменстанның құқық қорғау басқармасының Фарид Тухбатуллинның мәлімдеуінше Ашхабадта ауғанстандық түрікмендердің елге оралуына рұқсат беруге үрейленіп отырғандығы белгілі болады, ал бұның себебі егер олар кішкене болсын босқындар тобын елге қабылдаса, олардың саны күрт озып кететіндігі, олардың ішінде терроршылардың елге кіруі тиімсіз екендігін мәлімдеді. [8] Фарид Тухбатуллинның сөзіне сенетін болсақ, БҰҰ-ның Бас хатшысы Пан Ги Мунның маусым айындағы Ашхабадқа сапары барысында, оның Түрікменстан президентіне БҰҰ тарапынан барынша көмек беруді уәде еткен, ал түрікмен президенті босқындарға қатысты өзінің саясатын жұмсартатынын айтқан.

Босқындарды қабылдауға байланысты тек қана Ашхабадтың ғана емес, Ташкенттің де көзқарасы кері болатын. Себебі Өзбекстан Республикасынан тұңғыш президентіне Ислам Наримовтың енді билеген тұсында бірқатар оқиғалар орын алған болатын. Бірақ 2010 жылдың жазында болған жағдайды айтпай кетуге болмайды. Сол жылы Ислам Каримов Қырғызстанның оңтүстігінде орыналған ұлтаралық келіспеушіліктен соң 110 мың босқындар Өзбекстанға кіріуіне рұқсат берген болатын, олардың көпшілігі өзбек ұлтының өкіледері екендігі белгілі. Қазіргі кезде Өзбекстанда 125 босқындар тіркелген. Ал Жанна

Досованың айтуынша Өзбекстан үкіметінің мәлімдеуінше қазіргі таңда 86000-ға жуық азаматтығы жоқ тұлғалар тіркелген. [9]

2015 жылдың күзінде Британ парламентінде Лорд Десяй босқындардың көп бөлігін ОА мемлекеттеріне көшіру туралы айтқан болатын, оның ойы бойынша бұл қазіргі кездегі миграциялық кризистің шешімі болуы мүмкін екен. Ол Брюссельдің БҰҰ-мен тең бірлесе отырып Сирия және басқада Таяу Шығыс елдеріндегі босқындарды ОА-ға көшірудің жоспарын түзуді ұсынған болатын.

«Орталық Азияда Түркменистан, Таджикстан, Монголия сынды халқы аз мемлекеттер бар екендігі, Еуропамен салыстырғанда әрине, мен БҰҰ осы елдермен келісім негізінде босқындардың ОА енуін калаймын» - деп Лорд Десяй айтқан болатын. Оның ойы бойынша босқындардың ОА-ға орналасуын ұсынып жатқан себептерінің бірі ОА елдерінің мәдени жақындығы деп түсіндірді. [10] Бұл кісінің ұсынысы барлық ОА мемлекеттеріне ұнай қойған жоқ, өйткені кез келген мемлекеттің бұған әл-ауқаты жете бермейтіндігі белгілі. Ал бірақ біздің президентіміз Нұрсұлтан Назарбаевтың достық пен ынтымақтастыққа негізделген саясатының арқасында Қазақстан керек болған жағдайдағы белгілі бір мөлшердегі босқындарды қабылдайтындығын мәлімдеген болатын.

ОА-да босқындардың құқықтарын құрметтеп оларға көмек көрсетудің жақсы үлгісін көршілес жатқан бауырларымыз қырғыз екенінен көруге болады. 2016 жылы 15 қарашада ЮНИСЕФ пен босқындар жөніндегі БҰҰ агентігінің бірлескен жұмысы нәтижесінде Қырғызстанда жас босқындардың жұмыс тауып, өте пайда келтіруге ынталы босқындарды тауып жұмыспен қамтамасыз етуді көздейтін арнайы іс-шара ұйымдастырды. [11] Бұл іс-шара босқындар жөніндегі БҰҰ Бас комиссарының Қырғызстанда ең бірінші атқаратын жұмыстарының бірі болып табылады. Себебі бұл іс –шара босқындардың ОА-да соның ішінде Қырғызстандағы интеграция мәселесінің ойға қонымды шешімдерінің бірі болып табылады.

Ал енді Қазақстанға келетін болсақ жоғарыда айтылып кеткендей елімізде адам құқықтарын қорғауға байланысты, соның ішінде босқындарға көмек беріп, баспанамен қамтамасыз етуге байланысты елімізде көптеген іс-шаралар жүзеге асырып жатыр. Олардың бірін алатын болсақ, ол Алматы процесі.

Алматы процесі бұл – ОА-дан, Орталық А-ға келіп жатқан босқындардың мәселелерін қарастырып, құқықтарын қорғауды көздейтін аумақтық консультативті процесс болып табылады.

Алматы процесінің негізгі мақсаттары:

- Халықаралық миграция және босқындар арасындағы өзара диалогқа көмек көрсету;
- Миграцияға байланысты шешілмей жатқан сұрақтардың шешімін табатын механизм ойлап табу;
- Көші-қон және миграция, яғни көшіп-қонып жүрген босқындардың көшіп-қону босқынға айналу себептерінің бірлескен түсіністікке қол жеткізу жолдарын кеңейту;
- Мемлекеттердің босқындардың құқықтарын қорғауға және миграциялық алдын алуға байланысты іс-шаралардың жобаларын құру;

Алматы Процесінің қатысушылары: Ауғанстан, Азербайджан, Қазақстан, Қырғызстан, Таджикстан, Түркия, Түркменистан. Барлық әлемдік дәрежеде қолға алынып жатқан іс-шаралар босқындардың қатардағы азамат ретінде өзіне кез келген жерде қызмет етеді деп үміт етемін.

Мақаламызды қорытындылай келе ОА-ғы босқындардың жағдайын жақсартуға байланысты 2 тұжырымдаманы ұсынуды жөн көрдім.

Бірінші тұжырымдама сәйкес әрбір ел, соның ішінде ОА елдерінде адам құқықтарын қамтамасыз ету принциптеріне сәйкес белгілі бір дәрежеде босқындарды қабылдауы қажет, бірақ өзінің мүмкіндігінше әрине. Өйткені адам құқықтары бәрінен жоғары тұратындығы белгілі. Ал менің тұжырымдаманың мәні босқындарды өз еліне қабылдап оларға көмек көрсету, оның ішінде ОА елдерінде босқындардың арасынан білікті деген мамандарды тауып, өз елінің пайдасына қолдануға болатындығына негізделеді.

Екінші тұжырымдамама сәйкес мен біздің елімізде босқындарға арналған арнайы баспана құру керек деген ұсыныс бергім келеді. Өйткені қазіргі кездегі Еуропадағы жаңдайды қарайтын болсақ босқындар өз еліндегі баспаналарын тастап Еуропа мемлекеттеріне баруда, ол мемлекеттерде оларға баспана мәселесі қарастырылмаған, сол үшін босқындарға күннің ыстық, суығына қарамай көшеде түнеуге тура келіп жатыр. Егер адамгершілік принциптеріне, адами қасиеттерді ескеретін болсақ бұл жағдай көңіл қынжылтатыны анық. Соған сәйкес егер еліміздің әр өңірлерінді кішігірім болсын босқындарға арналған үйлер ұйымдастыратын болсақ, біз босқындар үшін жасалатын жақсыбастаманың негізін қалаған боламыз.

Қазіргі кездегі босқындардың жағдайын аянышты екенін ескере отырып, жоғарыда аянышты екенін ескере отырып, жоғарыда ұсынған тұжырымдамаларымыздың тәжірибеде қолданып, өз жемісін беретіне үміттенеміз.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. 1951 жылғы «Босқындардың мәртебесі туралы» Конвенциясы
2. ООН. Беженцы и мигранты. «Более 65 миллионов человек во всем мире были вынуждены покинуть свои дома»- 2016. // <https://refugeesmigrants.un.org/ru>
3. ООН. Беженцы и мигранты. «Посетив греческий остров Лесбос, Пан Ги Мун призвал к гуманному отношению к беженцам»- 2016.// <https://refugeesmigrants.un.org/ru/lesbos>
4. Катерина Клеменко. «Казахстану страшно не беженцы, а свои, которые вернутся из Сирии - эксперт»- 2015.// <https://365info.kz/2015/09/kazakhstanu-strashny-ne-bezhentsy-a-svoi-kotorye-vernutsya-iz-sirii-ekspert/>
5. 1951 жылғы «Босқындардың мәртебесі туралы» Конвенциясы
6. Карина Меркурьева. «Около 25 млн человек ежегодно становятся климатическими беженцами» - 2017. // <http://www.dw.com/ru>
7. Илья Коваль. «Тысячи афганских беженцев в ФРГ сообщили о своих связях с "Талибаном"» - 2017. // <http://www.dw.com/ru/der-spiegel>
8. Альтернативные новости Туркменистана. «Доклад о правах человека в Туркменистане за 2016 год» - 2017. // <https://habartm.org/archives/6789>
9. Озодлик. «ООН: число жертв среди мигрантов будет самым высоким в этом году» - 2017. // <https://rus.ozodlik.org/a/28076168.html>
10. Sputnik Узбекистан. «Демографы: поток узбекских мигрантов в Россию иссяк» - 2017. // <http://ru.sputniknews-uz.com/analytics/20170920/6351917/Demografy-potok-migrantov-v-Rossiy.html>
11. УВКБ ООН в ЦА. «Кыргызстан» - 2015 . // <http://unhcr.kz/rus/central-asia/kyrgyzstan/>

УДК 341.241.1

МЕЖДУНАРОДНО-ПРАВОВЫЕ АСПЕКТЫ БОРЬБЫ С МОРСКИМ ПИРАТСТВОМ

Ворончихина Дарья Евгеньевна

Daryavoronchikhina1@mail.ru

Студентка 3-курса, группа мпр-34 юридический факультет,

Специальность международное право,

ЕНУ им.Л.Н.Гумилева, Астана,Казахстан.

Пиратство – это явление, которое в современном мире приравнивается к терроризму. С момента своего возникновения, торговое судоходство представляло собой лакомый кусочек для морских налётчиков, разоряющих один за другим торговые корабли. Государства, обладающие собственным торговым флотом, были вынуждены принимать